

ISSN (Print) 2616-678X
ISSN (Online) 2663-1288

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

ХАБАРШЫСЫ

BULLETIN

of L.N. Gumilyov
Eurasian National University

ВЕСТНИК

Евразийского национального
университета имени Л.Н. Гумилева

ФИЛОЛОГИЯ сериясы
Серия **ФИЛОЛОГИЯ**
PHILOLOGY Series

№1(126)/2019

1995 жылдан бастап шығады

Издается с 1995 года

Founded in 1995

Жылына 4 рет шығады

Выходит 4 раза в год

Published 4 times a year

Астана, 2019

Astana, 2019

Бас редакторы **Дихан Қамзабекұлы**
филология ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі (Қазақстан)

Бас редактордың орынбасары **Шолпан Жарқынбекова**
филология ғылымдарының докторы, проф. (Қазақстан)

Редакция алқасы

Аскер оғлы Рамиз	Ф.ғ.д., проф. (Әзербайжан)
Ақматалиев Абдылдажан	Ф.ғ.д., проф. (Қырғызстан)
Бахтикиреева Улданай	Ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Беженару Людмила	Ф.ғ.д. проф. (Румыния)
Бейсембаева Жанаргүл	Ф.ғ.к., (Қазақстан)
Біжкенова Айгүл	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жақыпов Жантас	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Журавлева Евгения	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жаң Динжиң	PhD, проф. (Қытай)
Ескеева Мағрипа	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Ержласун Гүлжанат	PhD, ассоц. проф. (Түркия)
Қасқабасов Сейіт	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Негимов Серік	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нұрғали Қадиша	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нуриева Фануза	Ф.ғ.д., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	Ф.ғ.д., проф. (Германия)
Рахманов Носимхан	Ф.ғ.д., проф. (Өзбекстан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (АҚШ)
Сәтенова Серікгүл	Ф.ғ.д. проф. (Қазақстан)
Султанов Казбек	Ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Тәжібаева Сәуле	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Хисамитдинова Фирдаус	Ф.ғ.д., проф. (РФ, Башқұртстан)
Чернявская Валерия	Ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Шәріп Амантай	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Шәріпова Гүлбану	Ф.ғ.к., доцент м.а. (Қазақстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Түркия)
Янковский Генрих	PhD, проф. (Польша)

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қ.Сәтбаев к-сі, 2, 408 б.

Тел.: +7(7172) 709-500 (ішкі 31-413)

E-mail: vest_phil@enu.kz

Жауапты редактор, компьютерде беттеген: Илияс Құрманғалиев

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. ФИЛОЛОГИЯ сериясы
Меншіктенуші: ҚР БжҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК
ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 27.03.2018 ж. №16996-Ж тіркеу куәлігімен тіркелген.
Мерзімділігі: жылына 4 рет.
Тиражы: 35 дана
Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қажымұқан к-сі, 12/1, тел.: +7(7172)709-500 (ішкі 31413)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Editor-in-Chief **Dihan Kamzabekuly**
Doctor of philology, academician of NAS RK (Kazakhstan)

Deputy Editor-in-Chief **Zharkynbekova Sholpan**
Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Editorial board

Asker ogly Ramiz	Doctor of philology, Prof. (Azerbaijan)
Akmataliyev Abdildajan	Doctor of philology, Prof. (Kyrgyzstan)
Bakhtikireeva Uldanai	Doctor of philology, Prof (Russia)
Beisembayeva Zhanargul	Can. of philology, (Kazakhstan)
Bezhenaru Lyudmila	Doctor of philology, Prof (Romania)
Bizhkenova Aigul	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Chernyavskaya Valeriya	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Erzhiasun Güljanat	PhD, assos. Prof (Turkey)
Yeskeyeva Magripa	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Henryk Jankowski	PhD, Prof. (Poland)
Kaskabassov Seit	Doctor of philology, Prof (Kazakhstan)
Khisamitdinova Firdaus	Doctor of philology, Prof. (RF, Bashkortostan)
Metin Ekiji	PhD, Prof. (Turkey)
Negimov Serik	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurgali Kadisha	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurieva Fanuza	Doctor of philology, Prof. (RF, Tatarstan)
Reichl Karl	Doctor of philology, Prof. (Germany)
Rakhmanov Nasimhon	Doctor of philology, Prof. (Uzbekistan)
Rivers William Patrick	PhD, Prof. (USA)
Satenova Serikkul	Doctor of philology, Prof (Kazakhstan)
Sultanov Kazbek	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Sharip Amantay	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Sharipova Gulbanu	Can. of philology, assos. Prof. (Kazakhstan)
Tazhybayeva Saule	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhakypov Zhantas	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhang Dingjing	PhD, Prof. (China)
Zhuravleva Yevgeniya	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Editorial address: 2, Satbayev str., of. 408, Astana, Kazakhstan, 010008
Tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31-413)
E-mail: vest_phil@enu.kz

Executive editor, computer layout: Ilyas Kurmangalyev

Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University PHILOLOGY Series

Owner: Republican State Enterprise in the capacity of economic conduct «L.N.Gumilyov Eurasian National University» Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Registered by Ministry of Information and Communication of the Republic of Kazakhstan. Registration certificate No 16996-Ж from 27.03.2018

Periodicity: 4 times a year Circulation: 35 copies

Address of printing house: 12/1 Kazhimukan str., Astana, Kazakhstan 010008; tel.: +7(7172) 709-500 (ext.31413)

© **L.N. Gumilyov Eurasian National University**

Главный редактор **Дихан Камзабекулы**
доктор филологических наук, академик НАН РК (Казахстан)

Зам. главного редактора **Шолпан Жаркынбекова**
доктор филологических наук, проф. (Казахстан)

Редакционная коллегия

Аскероглы Рамиз	д.ф.н., проф. (Азербайджан)
Акматалиев Абдылдажан	д.ф.н., проф. (Киргизстан)
Бахтикиреева Улданай	д.ф.н., проф. (Россия)
Беженару Людмила	д.ф.н., проф. (Румыния)
Бейсембаева Жанаргуль	к.ф.н., (Казахстан)
Бижкенова Айгуль	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жакыпов Жантас	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жан Динжин	PhD, проф. (Китай)
Журавлева Евгения	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ескеева Магрипа	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ержласун Гульжанат	PhD, ассоц. проф. (Турция)
Каскабасов Сейит	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Негимов Серик	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нургали Кадиша	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нуриева Фануза	д.ф.н., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	д.ф.н., проф. (Германия)
Рахманов Насимхон	д.ф.н., проф. (Узбекистан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (США)
Сатенова Серикгуль	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Султанов Казбек	д.ф.н., проф. (Россия)
Тажибаева Сауле	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Хисамитдинова Фирдаус	д.ф.н., проф. (РФ, Башкортостан)
Чернявская Валерия	д.ф.н., проф. (Россия)
Шарип Амантай	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Шарипова Гульбану	к.ф.н., и.о. доцент (Казахстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Турция)
Янковский Хенрих	PhD, проф. (Польша)

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. К.Сатбаева, 2, каб. 408

Тел.: +7(7172) 709-500 (вн. 31-413)

E-mail: vest_phil@enu.kz

Ответственный редактор, компьютерная верстка: Ильяс Курмангалиев

Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия ФИЛОЛОГИЯ

Собственник: РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК

Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций РК под номером №16996-Ж от 27.03.2018г.

Периодичность: 4 раза в год

Тираж: 35 экземпляров

Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Кажимукана, 12/1, тел.: +7(7172)709-500 (вн.31413)

© Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

Мазмұны

Фольклор және әдебиеттану

<i>Аймұхамбет Ж.Ә., Қараханқызы Ұ.</i> Мета­мәтін құрылымындағы мифтік символика	8
<i>Айтуғанова С.Ш., Дәулетова А.А.</i> Дала патшайымдары туралы аңыз бен ақиқат ...	16
<i>Аққұлы С.</i> Алаш мемлекеттік армиясының құрылуы хақында	24
<i>Доскеева Ш.А.</i> Ә.Нұршайықовтың эпистолярлық мұрасы	39
<i>Дәуітова Г.Р., Сұлтан Е., Мейрамбекова Л.К.</i> Көне эпостағы мифтік кейіпкерлер	46
<i>Еслям А.Б., Алтысбаев Қ.Қ.</i> З.Ахметов зерттеуіндегі Абайдың шығармашылық мұрасы	54
<i>Жүсіпов Н.Қ., Ибраева А.Т.</i> Бекмұрат Уақатов зерттеулеріндегі халық өлеңдерінің жанрлық жіктелуі	61
<i>Қасқабасов С.А.</i> Томирис – «Мәңгілік ел» идеясының символы	69
<i>Кемеңгер Қ.Р., Діл­дә Ж.Р.</i> М.Мырзахметұлы Бауыржан Момышұлы жайында	77
<i>Өскен Ә.М., Қамзабекұлы Д.</i> Алаштану: текстологиялық жауапкершілік туралы (Ә.Н. Бөкейханның «Жаңа мектеп» журналында жарияланған мақалалары)	84
<i>Садықова Р.Т.</i> Халел Ғаббасов: өмір мен өріс мектептері	94
<i>Химмат Сайед Әли әш-Шазли</i> Орыс әйелдерінің қайғылы тағдыры – орыс адамының дара тұлғасы (Е.Чи­жованың «Әйелдер уақыты» романы негізінде)	104

Лингвистика

<i>Әбдуәліұлы Б., Көшкінбай Д.</i> Қазақ лексикасындағы құқықтық ақпараттарды зерттеудің жалпы мәселелері	120
<i>Әубәкір С.С., Біжкенова А.Е.</i> Поэтикалық дискурстың ерекшеліктері	127
<i>Досжан Р.А.</i> Тарихи түбірлердің сөзжасамдық қабілеті	135
<i>Ақжигитова А., Елегенова М., Жанзакова А.</i> Қазақстанның лингвистикалық ландшафтындағы көптілділік белгілері (Астана қаласы негізінде)	142
<i>Сарсикеева Г.К., Байоразова Ж.К.</i> Абайдың 38-інші сөзін орыс және ағылшын тілдеріне аудару: салыстырмалы анализ	150
<i>Сейидова С.</i> Әзірбайжан, ағылшын және орыс тілдеріндегі «Жас» концептісі және оның идиоматикалық өкілдігі	157
<i>Сыздықова Г.О., Шолақова А.К.</i> «Ер Төстік» ертегісінің лингвосомиотикалық аспектісі	165

Тіл мен әдебиетті оқыту әдістемесі

<i>Баекеева А.Т., Тәжібаева С.Ж.</i> Тау-кен саласындағы халықаралық терминдерді аудару	173
<i>Ниязова А. Е., Мукатова М.Н.</i> Көптілді ортада шет тілінде сөйлеудің мультилингвалды әрекетін қалыптастыру	183
<i>Смағұлова А., Мұхаметқалиева Г., Балтабаева Г.</i> Сөздерді құрылымдық ұйымдас­тыру (ағылшын және қазақ тілдеріндегі «мұнай газы» термині)	191

Contents

Folklore and Literary Studies

<i>Aimukhambet Zh.A., Karakhankyzy U.</i> Mythical symbolism in the structure of metatext	8
<i>Aituganova S.Sh., Dauletova A.A.</i> The legend and truth about the steppe queens	16
<i>Akkuly S.</i> About the creation of the Alash state army	24
<i>Doskeyeva Sh.A.</i> A.Nurshaikhov's contribution to the epistolary genre	39
<i>Dautova G., Sultan Y., Meirambekova L.K.</i> Mythical characters in the archaic epos	46
<i>Yeslyam A.B., Alpysbayev K.K.</i> Abai's heritage in Z. Akhmetov's research	54
<i>Jysipov N.K., Ibrayeva A.T.</i> Genre classification of folk poems in Bekmurat Uakatov's researches	61
<i>Kaskabasov S.A.</i> Tomiris - Symbol of the Concept of «Мәңгілік ел»	69
<i>Kemenger K.R., Dilda Zh.R.</i> M. Myrzakhmetuly is about Baurzhan Momysuly	77
<i>Osken A.M., Kamzabekuly D.</i> Alash studies: on textual responsibility (Articles by A.N. Bokeykhan, published in «Zhana mektep») journal	84
<i>Sadykova R.T.</i> Khalel Gabbasov: School of life and development	94
<i>Himmat Sayed Ali ash-Shazli</i> The Tragic Fate of the Russian Women and the Symbol of the Russians Identity (According to the Novel by E. Chizhova «Time of Women»)	104

Linguistics

<i>Abdualiuly B., Koshkinbay D.S.</i> General problems of studying legal information in Kazakh lexicon	120
<i>Aubakir S.S., Bizhkenova A.Ye.</i> Features of Poetic Discourse	127
<i>Doszhan R.A.</i> Word-building ability of historical roots	135
<i>Akzhigitova A., Yelegenova M., Zhanzakova A.</i> Multilingual signs in the linguistic landscape of Kazakhstan (the case of Astana)	142
<i>Sarsikeyeva G.K., Baiorazova Zh.K.</i> Translation of Abays 38 th word info Russian and English: comparative analysis	150
<i>Seyidova S.</i> The concept of "Age" and its idiomatic representation in the Azerbaijani, English and Russian languages	157
<i>Syzdykova G.O., Sholakova A.K.</i> Linguosemiotic Aspect of Fairy Tales	165

Methods of teaching language and literature

<i>Bayekeyeva A.T., Tazhibayeva S.Zh.</i> Translating International Terms for Mining Industry	173
<i>Niyazova A. E., Mukatova M.N.</i> Formation of foreign language speech activity in a multilingual environment	183
<i>Smagulova A., Mukhametkaliyeva G., Baltabayeva G.</i> Structural organization of words («Oil gas» term in English and Kazakh)	191

Содержание

Фольклор и литературоведение

<i>Аймухамбет Ж.А., Караханкызы У.</i> Мифическая символика в структуре метатекста	8
<i>Айтуганова С.Ш., Даулетова А.А.</i> Легенда и правда о степных королевах	16
<i>Аккулы С.</i> О создании Алашской государственной армии	24
<i>Доскеева Ш.А.</i> Эпистолярное наследие А. Нуршаихова	39
<i>Даутова Г.Р., Султан Е., Мейрамбекова Л.К.</i> Мифические персонажи в архаическом эпосе	46
<i>Еслям А.Б., Алтысбаев К.К.</i> Творческое наследие Абая в исследованиях З.Ахметова	54
<i>Жусипов Н.К., Ибраева А.Т.</i> Жанровая классификация народных стихов в исследованиях Бекмурата Уакатова	61
<i>Каскабасов С.А.</i> Томирис – символ вечной идеи «Мәңгілік ел»	69
<i>Кеменгер К.Р., Дильда Ж.Р.</i> М. Мырзахметулы о Бауржане Момышулы	77
<i>Оскен А.М., Камзабекулы Д.</i> Алашоведение: о текстологической ответственности (Статьи А.Н.Бокейхана, опубликованные в журнале «Жана мектеп»)	84
<i>Садыкова Р.Т.</i> Халел Габбасов: Школа жизни и развития	94
<i>Химмат Сайед Али аш-Шазли</i> Трагическая судьба русских женщин – символ идентичности русского человека (по роману Е.Чижовой «Время женщин»)	104

Лингвистика

<i>Абдуалиулы Б., Кошкинбай Д.</i> Общие проблемы изучения правовой информации в казахской лексике	120
<i>Аубакир С.С., Бижекенова А.Е.</i> Особенности поэтического дискурса	127
<i>Досжан Р.А.</i> Словообразовательные важности исторических корней	135
<i>Акжигитова А., Елегенова М., Жанзакова А.</i> Многоязычные знаки в языковом ландшафте Казахстана (на примере Астаны)	142
<i>Сарсикеева Г.К., Байоразова Ж.К.</i> Перевод 38-го слова Абая на русский и английский языки: сравнительная анализ	150
<i>Сейидова С.</i> Концепт «Возраст» и его идиоматическое представление на азербайджанском, английском и русских языках	157
<i>Сыздыкова Г.О., Шолакова А.К.</i> Лингвосемиотический аспект волшебных сказок	165

Методика преподавания языка и литературы

<i>Баекеева А.Т., Тажибаева С.Ж.</i> Перевод интернациональных терминов горно-рудной промышленности	173
<i>Ниязова А.Е., Мукатова М.Н.</i> Формирование иноязычной речевой деятельности в мультилингвальной среде	183
<i>Смагулова А., Мухаметкалиева Г., Балтабаева Г.</i> Структурная организация слов (термин «нефтяной газ» в английском и казахском языках)	191

XFTAP 17.71.91

Г.Р. Дәуітова¹, Е. Сұлтан², Л.К. Мейрамбекова³

¹Әл-Фараби ат. Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

³Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: ¹gulnazdautova001@gmail.com, ²yertaysultan@gmail.com, ³lmeyrambekova@mail.ru)

Көне эпостағы мифтік кейіпкерлер

Аңдатпа. Эпостардың барлық жанрларындағы маңызды категориялардың бірі – батырлардың ерлігі мен олардың дұшпандарына қарсы күресі болып табылады. Дәуір алмасуына, тарихи жағдайларға қарай, дұшпан бейнесінің берілуі де заманмен бірге өзгеріске ұшырап отырды. Ең алғашқы көне эпостарда батырлар негізінен мифтік кейіпкерлермен ғана жауласқан болса, уақыт өте келе тарихи оқиғалардың дамуына байланысты жаулары да шынайы қасиеттерге ие образдарға ауысады. Уақыт өте келе жезтырнақ, құбыжық, төбекөз, мыстан кемпір, айдаһарлар сынды образдарды батырдың жері мен отанына қауіп төндіретін, жау образындағы адамдар алмастыра бастайды. Оларды негізінен көне мифтік бейнелер, зооморфтық кейіпкерлер, туыстас, бірақ жауласып жүрген ру-тайпа өкілдері, қалыңдық үшін бақталастыққа түскен қарсыластар, құрайды. Мақалада архаикалық және батырлық эпостағы бас кейіпкерлермен күресуші образдардың түрленуі мен дамуы жан-жақты қарастырылады. Эпикалық кейіпкердің бейнесін жасаудағы көне сюжет пен мотивтердің рөлі сипатталады. Көне эпостағы қаһарман қарсыластарының түрлері айқындалады.

Түйін сөздер: эпос, көне эпос, батырлық жыр, миф, мифтік кейіпкерлер, түркі халқы.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2019-126-1-46-53>

Кіріспе. Эпостың көне (архаикалық), батырлық, ғашықтық (лиро-эпостық), тарихи, дастандық деп жіктелуінің өзі тақырыптарына ғана тәуелді дүние емес. Мифтік кейіпкерлермен күресуші батырлар бейнесін нақтылауда көне эпос мәтіндері алғы орында. Қазақ эпосындағы архаикалық мифологиялық қабаттардың басқа түркі халықтарының, атап айтқанда якут олонхоларымен, башқұрт, қырғыздардың эпостарымен салыстырғанда аз деңгейде кездесетінін атап өткен жөн. Қазақ эпосы – тарихиланған эпос. Оның көп бөлігін ортағасырдың соңғы ширегінде пайда болған тарихи эпостар құрайды. Эпостың дәл осы түрі дамудың тарихи жолдарын, басты кейіпкердің бейнесін түрлендірудің ерекшеліктерін көрнекі түрде көрсетеді.

Мақсаты. Эпикалық кейіпкердің бейнесін жасаудағы көне сюжет пен мотивтердің рөлін көрсету және көне эпостағы мифтік кейіпкерлердің қызметін талдау.

Нәтижелері мен талқылау. Функционалды қызметі тұрғысынан фольклордың міндеттері үшке негізделі зерттелген. Алдымен танымдық, енді бірде эстетикалық, тіпті идеологиялық жүгі бар, мұны фольклордың қызметі деп білеміз. Аталған қызметтер тыңдаушысына қарай жіктеледі. Осы айтылғандар фольклордың үлкен жанры эпостардың да, оның ішіндегі көне эпостардың сипаты мен қызметі болып табылады. Ендеше, мифтік кейіпкерлер, олармен күресуші батыр көне дүниетанымдық, көне мәдениеттік бейнелер екені, олар ұшырасатын көне эпостар эстетикалық, танымдық, идеологиялық қызмет атқара отырып, белгілі бір мақсаттарды арқалай дүниеге келгендігі анық.

Мифтік дүниелердің барлығы мейлі мифтік аңыздар болсын, эпос болсын айтар ауызға жеңіл олжа емес. Десек те, С. Қондыбай өзінің «Арғы қазақ мифологиясы» еңбегінде: «Бұл жөнінде «жаңалық» ашып жатудың керегі шамалы. «Миф» және «мифология» атауының анықтамасы кез-келген арнайы тақырыптық сөздіктер мен кітаптардың кіріспесінде-ақ тәптіштеліп баяндалады», – дейді [1, 502 б.] Иә, шындығында да бұл сөзді оқырманға кеңінен түсіндіріп жатудың қажеті шамалы. Тек, «миф» деген сөздің өзі адам-

ды тылсымға тартады. Өйткені, мифтік аңыздар, мифтік әңгімелердің астарында тек қиял-ғажайып оқиғалар ғана емес, халықтың түпкі санасы жатыр. Бір кездердегі адамзаттың ғаламды түсінудегі балаң ойлары, белгілі бір күшке, жаратушыға сиынуы, тіпті, ара жігін ажыратып қарай алсаң тарихи оқиғалар да мифтік аңыздарда кездеседі.

Фольклордың бір тармағы мифтік аңыздар. Жалпы аңыз дегеніміз белгілі бір тарихи оқиғаның төңірегінде өрбитін әңгіме болса, миф одан арырақ жатыр, яғни мифтік аңыздардың тамыры терең. Тіпті, мифтік аңыздардағы жүйелер мен сюжеттер арқылы бүкіл әлемдік халықтардың бөлінісі туралы зерттеу жүргізуге болады.

Алдымен көне эпостарға тоқталмас бұрын, классикалық жырлар мен көне эпостардың арақатынасын ажыратып алуымыз керек.

1. Классикалық батырлық жырларда да, көне эпостарда да бір балаға зар болу сарыны бар. Алғысында бұл негізгі сарын ретінде әр жырда ұшырасса, кейінгісінде, яғни, көне эпостардың барлығында дерлік кездесе бермейді.

2. Классикалық батырлық жырларда көмекшілер ретінде кездесетін әйел, ата-ана, тұлпар, желеп-жебеушілер рөлі көне эпостарда да сол қалпы десек болады. Бұлардың қатары енді мифтік кейіпкерлер таусоғар, саққұлақ, желяяқ, көлтаусар, мерген секілді ертегілік персонаждармен толыса түседі.

3. Көне эпостарда кейінгі классикалық жырлардағы көптеген сарындар ұшыраса бермейді. Ұшырасса да бірізді баяндалмайды. Мәселен, бас кейіпкердің өсуі, ата-ана тілегі, тұлпар іздеу, баптау, ғажайып дүниеге келу, ұлттық салт-дәстүрге, сана-ғұрыпқа жақындық, діни элементтер.

4. Классикалық жырларды типологиялық зерттеуде «мотив» (сарын) деген ұғым басты назарда. Жырлардың бәрінде ұқсас мотивтер өте көп болады. Мысалы, батырлық жырлар бір балаға зар болу немесе ғажайып дүниеге келу сарыны арқылы басталатынын білеміз. Батырлық жырлардың бәріне дерлік осы тектес оқиғалар тән болған соң ол «мотив» деп қарастырылды. Дәуірлес жырлардың тууында бұл үрдіс секілді қызмет атқарады. Онсыз ешқандай жыр басталмауы керек секілді. Жырдың басталуына ғана тән нәрсе емес. Бұдан бөлек те батырлық жырларды туыстастырып жатқан оқиғалық желілер, суреттеулер, мотивтер көп. Ал, көне эпостар бір сарынды басталмайды. Басты айырмашылықтардың бірі дер едік. Көне эпосты оқымайынша, қалай басталатыны туралы болжам айту қиын, яғни классикалық жырлардағыдай ұқсас оқиғалы емес. Ол әдеттегідей тоқсан сай толы малы бар, ұлты мен елі белгілі, бір ұрпақ сүюді аңсаған, сонысы үшін бәрінен баз кешіп әулие аралап кеткен байдың мұң-зарымен басталмайды. Басқаша айтқанда, мотив енді көне эпостарға келе бермейтін ұғым болып қала береді.

5. Классикалық батырлық жырларда көтерілетін мәселелердің ірісі ел мүддесі болса, көне эпостарда халқын жаудан азат ету жиі кездесетін оқиға емес, арагидік ұшырасатын эпизодтық желілерден ары аспайды, яғни, басты идеялық мақсат ол емес. Көне жырларда көбіне бір мақсат қуалау, бір тапсырма алу, жақынын қорғау, жеке бастың, отбасының қамын жеу, әке-шеше тілегін орындау, басқа бір кейіпкер тілегімен аттану негізгі мүддеге айналып, жырдың идеясы осыны баян етеді.

6. Батырлық жырлардағы басты кейіпкердің жауы тарихи қалмақ, қызылбас, солардың ел таныған батырлары т.б. болып келеді. Көне эпостарда басты жау адам емес. Бас кейіпкерлер мұнда жеті басты жалмауызбен, мыстан кемпірмен, мыстан кемпірдің баласымен, айдаһармен, алып жыланмен, суға иелік еткен адам сенгісіз жайынмен, құбыжықпен, дию, дәулермен, жалғыз көзді жаратылыстармен (циклоп) т.б. айқасады.

7. Қаһармандық жырлар секілді көне эпостар да шамадан тыс көп варианттылы боп келмейді.

Біз келтірген көне эпос пен классикалық батырлық жырлардың айырмашылықтары мен ұқсастықтары өте көп. Бұл ең негізгілері ғана екенін айта кету керек. Өзге де қырла-

рынан қарай отырып, эпос түрлерінің ара-қатынасында бұдан да бөлек көптеген мәнді пайымдаулар келтіруге болады. Бұл туралы ғалым Р.Бердібаев: «Архаикалық пен классикалық эпостың өзіндік өрнегін ажырата танудың өзге де шарттары бар екендігін фольклор зерттеушілер негізінен жүйелі талдап шыққан. Ол шарттылықтар жинақтап айтқанда төмендегі ұғымдарға саяды: мифтік уақыт адамдар санасында бірте-бірте қиялға айналып, бір кезде өтіп кеткен «алтын дәурен» туралы ұғымды туғызады, мифологиядағы ұнамды ерлер батырлық эпостың қаһарманына ұласып, аждаһа жалмауыздар зұлым жаулар бейнесіне көшеді, ертегілік, мифтік бейнелер тарихи бейнелерге айналады; рухани өмірдің күрделене түсуіне байланысты алғашқы мифология ыдырап, оның кейіпкерлері бұрынғы «киелі» қалпынан өзгеріп, көркемдік тұлғаға ауыса бастайды; ертедегі жеке мүдде үшін күресетін кейіпкер топ (ру, тайпа, ел) намысын қорғайтын қаһармандар пішініне ие болады; мифтік, ертегілік сарындардың жаңаша жырлануы ел өміріндегі өзгеше жағдайларда, тарихтың тәжірибесін тірілту, еске салу қажеттігі туған кезде тың өріс алды; қаһармандық эпостың жасалуына қуатты негіздің бірі тарихи аңыздар болып есептеледі...» [2, 59 б.], – деп түйіндейді.

Эпостану саласында орыс фольклортану ғылымында эпос табиғатындағы идеологиялық және жанрлық синкретизм мәселелерін қарастырған Е.М.Мелетинскидің орыс былиналарындағы мифтің рөлін қарастырған В.Я.Пропштың қаһармандық жырлар өзегіндегі батырлық ертегінің рөлі жайындағы В.М.Жирмунскиидің пікірлерін негізге ала отырып, Р.Бердібаев, Ш.Ыбыраев, Б.Әзібаева сияқты фольклортанушы ғалымдар да көне эпостың жанрлық ерекшелігі мен оның классикалық эпостың алғашқы арнасы ретіндегі мәнін ашты. Мәселен, қазақ эпосын стадиялық тұрғыдан алғаш қарастырған Р.Бердібаев батырлық жырлардың негізінде жатқан көне ұғымдардың мәнін талдай келіп, архаикалық эпос, ру-тайпалық және мемлекеттік эпос сипаттарын жан-жақты саралап, қаһармандық жырлардың табиғатындағы ерекшелік олардың отаншылдық идеямен суарылғандығы деп атап көрсеткен. Адамзат қоғамы дамуының барлық кезеңінде де рудың, тайпаның, мемлекеттік бірлестіктердің тыныштығын, бүтіндігін қорғау, қастасқан жауды жеңіп, бақытты өмір орнату мәселесінің маңыздылығын тұжырымдайды. Сондай-ақ батырдың ерекше жағдайда өмірге келуі барлық жырда түгел тізіліп, жүйелі баяндала бермейтінін, оның себебі жырдың айтылу дәстүріне, варианттылығына, не қысқарып, не ұлғайып отыратын табиғатына байланысты екендігі жайында [2, 101 б.] және батырдың көмекшілері, өмірлік серігі қандай болу керек дегенге эпос өзгеше мән береді [3].

Ал Ш. Ыбраев «Эпос әлемі» атты монографиясының «Байырғы эпос пен батырлық жырлар» – деп аталатын үшінші тарауында «көне эпос» деген терминді қолданып, батырлық ертегі мен көне эпос арасындағы айырымдық ерекшеліктерді нақтылы мәтіндік мысалдар негізінде талдаған. Ондағы басты ұстанымы: эпос пен ертегідегі оқиғаның сенімділік дәрежесі, болған оқиғаның мезгілдік және мекендік өлшемдеріндегі ерекшеліктер, екі жанрдағы миф функциясының ерекшелігі, көне эпостардағы әйелдерге байланысты сюжеттің көп таралуы, көне эпостардағы үйлену сюжетінің этнографиялық сипатының басымдығы жайында жан-жақты сараланады. Ғалым эпосқа тән көпқабаттылық пен көпсатылықтың эпос дәстүрі үшін заңдылық екенін зерттеп, оның әр түрлі дәрежеде болатындығын тұжырымдап, монументалды үлкен жырлардың көне эпостың дәстүріне сүйену арқылы дамығандығының бес түрлі сипатын жинақтап көрсетеді. «Эпос - тарихты халық санасы лайық түрлендіріп, оқиғаларды құбылтып, халықтың тағдыр-ғалайын, әлеуметтік қарым-қатынасын, дүниетанымын тұтас жинақтайтын көркемдік ізденістердің айрықша бір әсем де әсерлі шежіресі» деп анықтама береді [4, 76 б.].

Мифологиялық кейіпкерлермен айқасқа түсетін және осы арқылы ашыла түсетін батыр бейнесіне құрылған көне эпостар «Мұңлық, Зарлық», «Құбығұл», «Құламерген», «Дотан Құбақанбайұлы» эпостары болып табылады. Олардың көне эпос аталу критерийлерінің бірі де – мифтік кейіпкерлердің болуы, көне дүниетанымдық түсініктер.

Мәселен, «Құламерген» эпосын алайық «Сықырлы күштер туралы көне ұғым жы- рда күрделі ұғым иеленді» [2, 70 б.]. «Құламерген» эпосы көне өркениет пен түсініктерді жеткізуші ретінде көптеген зерттеулерге мысал болды. «Әкесі мен баласының соғысатын жаулары – жер астын мекендейтін жеті басты Жалмауыз, оның балалары – кемпір Құртқа мен Орақ батыр» [5, 277 б.] екені бізді де қызықтыра түседі.

М.Ғабдуллин мен Т.Сыдықовтардың жазған еңбектерінде ертедегі адамдардың тұрмыс тіршілігі шынайы көзқарас тұрғысынан айтыла келіп, жырларда көне халықтың аңшылық кәсібі, дүниеге, жаратылысқа деген көзқарасы, наным-сенімдері берілген деген ой түйінделеді. Сонымен қатар, өз ойларын бекіту мақсатында «Құламерген» жырындағы көне өркениеттік сипаттағы оқиғаларға, аталатын кәсіп пен іс-әрекеттерге талдау жаса- лынады. Мысалға, «Құламерген» эпосын алсақ, зор тартысқа құрылған «Құламергеннің» басты кейіпкерлері әртүрлі ғажайып жағдайларға душар болады, жердің асты-үстін кезіп жүріп, өздерінің ізгі мақсаттарын жүзеге асыру үшін бар күшін салып алысады. Жырдағы Құламерген мен Жоямерген неше түрлі зұлымдыққа қарсы тұрып, жақсылық үшін, шат өмір үшін күреседі. Сықырлы, айлалы мыстан да, оны қолдаушы хан да қаншалықты күшті болғанымен, соңынан жеңіліс табады, оларды әділет үшін күрескен Құламерген жеңеді де, ойлаған мақсатына жетеді. Аталған тұстың эпосында кездесетін Құбығұл тәрізді батырлар да әрі мықты, әрі айлалы, он қолдарынан өнер тамған жігіттер» [6, Б. 32-33] -деп баға бе- реді.

Бұл жырдың қарақалпақ халқында да өзіндік нұсқасы бар. Біздіңше бұл батырлық жырлардағыдай айтылу, жеткізілу негізінде өзгеріске түсіп, бірнеше варианттарының пай- да болуымен ұқсас құбылыс емес. «Қарақалпақ халқында сақталған «Құламерген» мен қа- зақ жырының оқиғалық өрілімін салыстырып қарағанда екеуінің түбірі де, кейіпкерлерінің құрамы да бір бастаудан таралғаны айқын көрінеді» [2, 72 б.], -дейді ғалым Р. Бердібаев. Тек қазақ нұсқасында Жоямергенге қатысты жаңа эпизодтар, жер асты әлемі оқиғаларының қосылғандығымен ерекшеленетінін айтады.

Қазақтың байырғы жырларының үлкені «Мұңлық, Зарлық» екені көп еңбектер- де аталды. Осындай пікірлердің бірін: «Қазақтың эпикалық жырларының ішінде оқиға- лық жағынан ең ескісінің бірі – «Мұңлық, Зарлық». Жырдың кейбір нышандары өте көне дәуірге меңзейді. Зұлымдық иесі мыстан кемпір, алып қара дәу, жас балаларды адамша асырайтын киік бейнелері, аңшылық өмір көріністері исламнан бұрынғы бұлдыр заманнан ауысқан секілденеді» -деп көрсетуі ойымызға үлкен тірек. Аталған көне эпостың үлкен бір ерекшелігі көркемдік кемелдікке қол созуға ұмтылыс дер едік немесе «жырдың әр тұсын- да-ақ іс-әрекеттер логикасы ширақ тартылып, мінез даралауға көп көңіл бөлінгендігін» [2, Б. 77-79] айтуға болады.

Эпоста кездесетін мифтік кейіпкерлер – мыстан кемпір мен дәу бейнесі. Қиял-ға- жайыпқа құрылған сюжетті шығарманың негізгі кейіпкері – Зарлық. Ол алтын айдарлы бо- лып, хан мен қараның қызынан туылған. Оқиғасы заңды түрде, қаһармандық эпостарға тән сарынмен басталғанымен, өзгеше дамиды. Батыр туылысымен зұлым күштерден жапа ше- геді. Басқаша айтқанда, ол «...аты хан баласы дегені болмаса, қиындық үстінде шынығып, мұратқа еңбекпен, ерлікпен жеткен есіл ер. Оның тұлғасы бірнеше асу, тосу кезінде көр- кейе түседі» [2, 80 б.]. Ал, ғалымның: «Қысқасы, ара-арасында ғажайып, керемет «күштер» қатысып отырғаны болмаса, мұнда нағыз реалды өмірдің көріністері мол» -деген пікіріне келісе қоймағанымызбен, онда кейінгі дәуірлердің жемісі болып есептелетін қаһармандық эпостарға тән сюжеттік желілердің барын жоққа шығара алмаймыз.

Осы секілді «Дотан Құбақанбайұлы» жырын өте көне дастандардың бірі деуге әб- ден болады. Бұған алдымен жырдың өз мазмұны анық дәлел болады. Жырда мифтік кей- іпкерлердің қаптаған қалың көші бар. Оларды жағымды, жағымсыз кейіпкерлер деп бөліп, жеке-жеке талдаған жөн. Жырдың көнелігі туралы пікірлер бұған дейін де айтылған. Мәсе-

лен: «Жырдың оқиғалары көне дәуір санасын елестететіні әр тұстан-ақ көрінгендей» [2, 73 б.], -деп бастап, әрі қарай: «Құбақан байдың ұлдары қалыңдық іздеуге бет қойғанда айналада қандай ел бар екенін білмейді. Олар үшін дүние толған жұмбақ, ашылмаған құпия секілді. Бұл арада адам санасының әлемді танымаған балаң кезінің хәлі елес беріп өткендей» [2, 73 б.], -деп, оқиға мазмұнынан ой өрбіту орынды.

Эпостың мазмұны осылайша дами келе «Жырдың соңында есейіп, қайраты толысқан, көптің қамын ойларлық боп кемелдік тапқан Дотанды көреміз» [2, 77 б.]. Жоғарыда көне эпостарда батырдың негізгі жауы тарихпен тіке байласымды қалмақ немесе қызылбас елі еместігін, бірақ аталған эпикалық жаулар мұнда да ұшырасатынын айтқанбыз. Осы туралы зерттеуші Б.У.Әзібаеваның: «Жырда Дотанның жауы бірде мифтік тұлға жалмауыз кемпір, енді бірде эпикалық дұшпан қалмақ болуы шығарманың әр дәуірдің белгілерін қатар сақтағанын, көпқабаттылығын айғақтайды» [5, 281 б.], -деген ғылыми пікірі өте орынды. Осы секілді Құламерген жырындағы өзге жырларда кезікпеген Бұлғар елі қазіргі Болгария екені осыған дейін айтылған болатын. Құламергеннің әйеліне сырттай ғашық болған хан аңшының мекені Ғазар, Қазар теңізіне келеді. Ал, «Қазар» деп отырғанымыз Каспийдің ортағасырлық атауы болып шығады. Демек, қазақ санасында алыс елдер туралы түсінік, хабарлар болғаны анық. Сондай-ақ, оның жырда кезігетін халық болуы көптеген ойларға жетелейді.

Р.Бердібаев «Дотан батыр» жыры да ертегілік сипатымен ерекшеленеді дегендей, онда ертегілерге тән кейіпкерлік құрам бар. Батырдың жолдастары өзінің қырық бауыры емес. Керісінше, ұлы сапарға аттанарда бір атадан туған қырықтан қайыр болмайды. Ал, Дотан соларды аман сақтау үшін де басын қатерге тігеді. Батыр бір өзі жүз кісіге татырлық бірнеше жолдас кезіктіреді.

«Басы «таза» ертегіше басталған «Дотан батырдың» ақыры эпостың деңгейіне көтеріледі, Дотан бір ғана семьясының мүддесімен шектеліп қалмай, ел қамқоры, қорғаны болып та сипатталады» [2, 73 б.].

«Құбығұл» жыры да зерттеуге таптырмас нысан. Онда енді бір мифтік кейіпкерлер қатарын көреміз. «Құбығұлдың Ақбілекті іздеп шыққан сапарында оған жылан, айдаһарлар кездеседі. Жыландарды бастаған «жеті басты айдаһар болады» [2, 87 б.], -дейтұғын пікірлер жыр мазмұнына көз жүгірткенде айқын боп шыға келеді. Бұл кейіпкерлер туралы жеке-жеке талдаулар жүргізетін боламыз.

Енді мифологиялық кейіпкерлерге келсек, жалпы қазақ фольклорында ғана емес, әлемдік фольклордағы мифологиялық кейіпкерлер екіге бөлінеді. Біріншісі – архаикалық мифтерде кездесетін жақсылық ойлаушы кейіпкерлер. Олар фольклорлық кейіпкерлерге көбіне-көп жәрдемшілер. Ал, екінші топқа – адамдарға қастандық ойлаушы, қара ниетті албасты, жезтырнақ, жалмауыз кемпір, мыстан, айдаһар, жалғыз көзді дәу секілді ертегі, батырлық эпостарда кездесетін кейіпкерлер. Кейіннен бұл кейіпкерлер қатарын ислам дінінің келуімен дию, шайтан, пері сияқты кейіпкерлер толықтырды.

Хикаялардағы мифологиялық кейіпкерлер адамзаттың қиялы мен арманының жемісі және қоршаған ортаға деген алғашқы көзқарастары деуге болады. Әрбір дүниенің иесі болады деген қазақ танымын Зеңгі баба, Ойсыл қара секілді төрт түліктің иелерімен де түсіндіруге болады.

Эпостардағы, ертегілердегі батырлардың негізгі күресуші кейіпкерлері мыстан, жалмауыз, жеті басты немесе үш басты айдаһар, диюлар, жалғыз көзді дәу секілді кейіпкерлер болып келеді. Мифтік кейіпкерлер көне эпостарда бірізді суреттелгенімен, әрқайсысының өзіндік даму тарихы, қызметі бар.

Эпостардағы мифтік кейіпкерлер өздеріне тән мекендерінде ұшырасып отырады. Батырлар, әдетте, белгісіз мекенге келгенде барып қана белгісіз құбыжықтарға тап болады. Бұл белгісіз әлемдер туралы көшпелілер санасында ежелден түрлі түсініктер қалыптасып,

